

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 тамыздағы № 847 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 341 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.06.2017 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі № 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 39, 400-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 31 тамыздағы
№ 347 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 983 қаулысымен
бекітілген

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Түсіпбеков - Қазақстан Республикасының Әділет
Рашид Төлеутайұлы министрі, төраға
Құсдәулетов - Қазақстан Республикасының Әділет
Дулат Рашитұлы вице-министрі, төрағаның орынбасары
Калюжный - Қазақстан Республикасының Адам
Вячеслав Афанасьевич құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың
басшысы (келісім бойынша)
Біләлов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Берік Сұлтанғазыұлы министрлігінің Криминалдық полиция
комитеті төрағасының орынбасары
Женалинов - Қазақстан Республикасы Туризм және
Рустам Жанатұлы спорт министрлігінің Туризм индустриясы
комитеті төрағасының орынбасары
Шаймерден - Қазақстан Республикасы Байланыс және
Ербол Шаймерденұлы ақпарат министрлігінің Ақпарат және
мұрағат комитеті төрағасының орынбасары
Досполов - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Сергей Долдаұлы Халықаралық ынтымақтастық
департаментінің бастығы (келісім
бойынша)
Жаңабай - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Самат Қуанышбекұлы министрлігі Консулдық қызмет
департаментінің директоры
Жұмабеков - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Төлеген Ахмеджанұлы халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Заң департаментінің директоры
Нұрғазиев - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Қуаныш Шадыбайұлы министрлігі Медициналық көмекті
ұйымдастыру департаментінің директоры
Әбішев - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Бақыт Шалқарұлы Аппараты Заң бөлімінің меңгерушісі
(келісім бойынша)
Нұрахметова - Қазақстан Республикасы Президентінің
Гауһар Сердалықызы жанындағы Әйелдер істері және

отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі
ұлттық комиссия Хатшылығының сарапшысы
(келісім бойынша)

Аликова - Халықаралық Көші-қон ұйымының
Әлия Ерсайынқызы Қазақстандағы адам саудасына қарсы
іс-қимыл бойынша үйлестірушісі
(келісім бойынша)

Байсақова - "Дағдарыс орталықтары одағы" заңды
Зүлфия Мұхамедбекқызы тұлғалар бірлестігінің басқарма
төрайымы (келісім бойынша)

Морозова - "Феминистік лига" қоғамдық бірлестігінің
Галина Васильевна президенті (келісім бойынша)

Нәбиева - "Іске асыру және бейімдеу әйелдер
Гүлзи Әскенқызы қауымдастығы" қоғамдық бірлестігінің
директоры (келісім бойынша)

Штеффен - Еуропадағы Қауіпсіздік және
Букмайер Ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Астана
қаласындағы орталығының адам құқықтары
жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша)

Берекетов - Қазақстан Республикасы Әділет
Махсат Берекетұлы министрлігі Халықаралық шарттарды
сараптау департаментінің басқарма
бастығы, хатшы